



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ЕСЕП БЕРУШІ МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұлақбаев Манас Бейсенбекұлы

m.bulakbaev@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс магистранты, Астана,
Қазақстан.

Ғылыми жетекші-Ибрагимов Ж.И., з.ғ.д., профессор м.а.

Тәуелсіз Қазақстанның Ұлт жоспарына сәйкес, халық алдында есеп беретін мемлекетті дамыту міндеті тұр. Осы басымдыққа қол жеткізетін 100 нақты қадамдарды жүзеге асыруға дейінгі біздің мемлекеттің құқықтық эволюциялық даму тарихын зерделеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Егемен еліміздің бүгінгі жарқын жолы 1991 жылдың желтоқсанында стратегиялық мақсат ретінде орнықтылық пен табысқа жетуді таңдау кезеңінен бастау алды. Тарихи тұрғыдан қарағанда күрмеуге келмейтін қысқа мерзім ішінде Қазақстан дамыған, нарықтық экономикасы, орнықты саяси жүйесі бар, өз азаматтарының еркіндіктері мен құқықтары және әлеуметтік қорғалуын жақсы жолға қоя алған осы заманғы мемлекет ретінде қалыптасты. Еліміз халықаралық қоғамдастық алдында жоғары құрмет пен беделге ие бола отырып, әлемдік әріптестік жүйесінде лайықты орнын белгіледі. «Қазақстандық даму жолы» деп аталған табысты саяси-экономикалық өзгерістердің оң сипатының нәтижесінде, тәуелсіз Қазақстан индустрияландыру және экономиканы технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі жоспарларды нақпа-нақ айқындап алды.

Елбасы әрдайым ерекше атап көрсеткендей, Қазақстанның ең басты байлығы да, игілігі де – оның тәуелсіздігі. Еркін өмір сүру құқығына қазақ халқы көп ғасырлар бойы азаттық күрес барысында көп қиындық көріп, қан мен тер төгіп, қол жеткізді. Сондықтан біздің мемлекетіміз үшін тәуелсіздіктің іргетасын нығайтудағы саяси басымдықтың орны ерекше.

Егемендікке жету жолында Қазақстанға кез болған күрделі мәселелер аз болған жоқ. Алда өтпелі кезең талаптарына сай келетін тиімді сатылас басқару жүйесін құру, экономикада түбегейлі реформалар жүргізу, инфляцияны ауыздықтау, әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру, мемлекеттік басқару жүйесін, оның ішінде заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру міндеті тұрды. Оның үстіне бұл мәселелерді іс жүзінде бір мезгілде шешуге тура келді.

Тәуелсіздік алып, мемлекет құру ісінде бітімі бөлек қайраткерге ғана тән қайсарлық пен батылдықтың, саяси ерік-жігер мен өршілдіктің үлгісін көрсеткен Президент Н.Назарбаев қазақ елі үшін жауапкершілікті өз мойнына алды. Тәуелсіздікті нығайтуды, саяси демократияландыруды, нарықты экономикаға көшуді, ұлтаралық келісім мен азаматтарды әлеуметтік қорғауды стратегиялық міндет ретінде белгілеген бағыт жұртшылық тарапынан бірауыздан қолдау тапты. Қазақстан халқының айнымас құндылығына айналған бұл саясат бүгінде сенімді және табысты болғанын тарих дәлелдеп отыр.

Президенттің стратегиялық бағыт-бағдарын ілгерілетіп отырып, республикамыз егемен мемлекеттілік құрылысының барлық міндеттерін бірте-бірте жүзеге асырды. 1992 жылғы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымының елдері Қазақстанды халықаралық тұрғыда таныды. Бұрынғы кеңестік республикалар шегінде шекаралардың бұлжымастығын тану туралы 1991 жылғы 21 желтоқсандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Алматы декларациясымен еліміздің аумақтық тұтастығы бекітілді. Кейінірек Қытай мемлекетімен шекаралық мәселелердегі өзекті проблемаларды шешу жұмыстары қолға алынып, Қырғызстанмен, Ресеймен, Өзбекстанмен және Тәжікстанмен арадағы мемлекеттік шекараларды нақты белгілеу жұмыстары жүзеге асырылды.

Еліміздің сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етуде елеулі табыстарға қол жеткізілді. Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азиядағы көрші елдермен көптарапты және екіжақты келісімдер жасалды. Сондай-ақ, ЕҚЫҰ, ҰҚШҰ, ШЫҰ, АӨСШК секілді өңірлік қауіпсіздік

жүйелеріне қатысу Қазақстанға өз төңірегінде әскери қауіпті болдырмауға және мемлекетаралық мәселелерді бейбіт реттеуге кепілдік беретін «достық және ынтымақтастық белдеуін» қалыптастыруына мүмкіндік туғызды. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Президент Н.Назарбаевтың Семей ядролық полигонын жабу және қуаты жағынан әлемде төртінші орын алатын атом қаруы арсеналдары мен оларды жеткізу құралдарынан өз еркімен бас тарту туралы тарихи шешімі әлем тарихында теңдесі жоқ оқиға болды. «Ядролық клубтың» мүшелері – Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Қытай тарапынан Қазақстанға ядролық қауіпсіздік кепілдігінің берілуі жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға қосылған қомақты үлес болды.

Президент Н.Назарбаевтың қазіргі кезде халықаралық тұрғыда танылған Еуразиялық идеясы мен ТМД, Кеден одағы, ЕурАзЭҚ пішініндегі Қазақстанның интеграциялық күш-жігері мен бастамалары бейбітшілік пен ынтымақтастық әлеуетін елеулі түрде нығайтуға ықпал етті. Мемлекет басшысы белгілеген Қазақстанның көп белдеулі саясаты аясында АҚШ-пен, Еуропа елдерімен, НАТО-мен, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері және бірқатар халықаралық ұйымдармен әріптестік қарым-қатынас орнатылды. 2011 жылдан бастап Ислам конференция ұйымына төрағалық жасау мұсылман әлемімен қатынасты одан әрі нығайта түсті.

Экономикада да сапалық тұрғыда құрылымдық өзгерістер жасалды. Жеке кәсіпкерлік қызметін мемлекеттік қолдау шаруашылықтың дамуына ықпал етті, жүздеген азамат өз ісін аша бастады. Солардың іскер белсенділігінің арқасында 1995 жылдың өзінде «тауар тапшылығы» деген ұғым іс жүзінде келмеске кетті – азық-түлік сөрелері тауарларға лық толды, зат сататын базарлар мен коммерциялық дүкендер ұсынатын халық тұтынатын тауарлардың түр-түрі кеңестік уақыт кезеңіндегіден әлдеқайда асып түсті. 1993 жылдың қарашасында өз валютамыз – теңгенің енгізілуі аса маңызды оқиға болды, бұл егемен ақша жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Тәуелсіз Қазақстандағы макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылық өзінің дамуы деңгейі бойынша қысқа мерзімде ТМД-да көшбасшыға айналған отандық банк жүйесін құруға ықпал етті.

Мемлекет өзінің келісім-шарттық міндеттемелерінің берік сақталатындығына кепілдік бере отырып, тартымды инвестициялық ахуал жасау жөнінде белсенді саясат жүргізді. Нәтижесінде, реформалардың алғашқы жылдарында-ақ шетелдік инвестициялар ағымы миллиардтаған долларға жетті, өнеркәсіпке ең жаңа технологиялар мен осы заманғы өндірістік-басқару тәжірибесі келді.

Экономиканы қайта құрылымдау мәселелерімен бір мезгілде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері шұғыл шешімдер қабылдауды талап етті. 90-шы жылдардың дағдарысты кезінде әлсіреген халықты қолдаудың дәстүрлі тетіктерінің орнына әлеуметтік қорғаудың жаңа модельдері құрылды. Осы салада уақтылы қолданылған шаралар қазақстандықтардың өтпелі кезеңнің болмай қоймайтын қиындықтарына төтеп беруіне, халықтың мемлекеттік саясатқа деген сенімін сақтауына көмектесті.

Қоғамдық-саяси салада да орасан зор өзгерістер болып жатты. Елде көп партиялылық белсенді түрде дамыды, демократиялық құқықтар мен бостандықтар заңнамамен бекемделді, тәуелсіз БАҚ-тар пайда болды, азаматтық қоғам орныға бастады. Бірақ, сол кезеңнің ең басты жетістігі ділдің «қайта құрылуы» болды – адамдар өзін еркін сезінетін дәрежеге жетті, мемлекеттің қамқоршылығына емес, өз күшіне көбірек сене бастады.

Қайта құрудың табысты болуына этносаралық және дінаралық бейбітшілік пен келісімді нығайтуда мемлекет жүргізіп отырған саясат үлкен рөл атқарды. Ұлт пен ұлыстар өкілдерінің ынтымағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан ұлтаралық жанжалдар мен қақтығыстарды болдырмауға қол жеткізіп қана қоймай, қоғамның алуан этностық және поликонфессиялық сипатын өзінің мәдени баюы мен ілгерілеуінің оң факторына айналдыра білді. Мемлекет басшысының бастамасымен 1995 жылы құрылған әлемдік тәжірибеде бірегей орган – Қазақстан халқы Ассамблеясы бұл үдеріске қомақты үлес қосты.

Тәуелсіздігіміздің 26 жылы конституциялық дамудың нәтижелерін ой елегінен өткізіп, еліміздің құқықтық жүйесінің одан әрі дамуын бір саралап шығатын уақыт.

Биыл Ата заңымыздың қабылданғанына 22 жыл толып отыр. Мемлекеттің өсіп-өркендеуі мен дамуы жолында және елдегі саяси процестердің қалыптасуында Конституцияның үлкен маңызға ие екені баршаға аян. Жалпы латын тілінен алғанда constitution сөзі «құрылым» дегенді білдіреді. Шын мәнінде Конституция мемлекеттің, қоғамдық және экономикалық құрылымның, мемлекеттік және қоғамдық-саяси институттардың қызметінің принциптерінің басым бағыттарын және жеке тұлғаның конституциялық-құқықтық мәртебесін айқындайды. Конституция мемлекеттің басты заңы ретінде қоғамның өмір сүруінің саяси өлшемін, мемлекеттің органдардың жүйесін бекітіп, олардың қалыптасуы мен қызмет ережесін қалыптастырады. Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының басты қағидаттарының бірі тұрақтылық болып табылады. Конституцияның тұрақтылық принципі ережелері орнықты сипатқа ие, ұзақ мерзімге қолданылатын нормативтік құқықтық акті екендігінен де көрінеді. Сонымен қатар Конституцияның қолданыстағы құқықтың тұрақтандырушы өзегі, негізі екендігін де байқаймыз. Ата заңның мән-мағынасы жөнінде заңгер-ғалым А.Котов былай атап көрсетеді: «Юридический смысл действия Конституции-конституционная законность и конституционный правопорядок»[1,47].

Әрбір егемен мемлекеттің өз дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын конституциялық саясаты болады. Қазақстан Республикасының конституциялық саясатының негіздері 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда айқындалған болатын. Соның нәтижесінде республиканың қолданыстағы Конституциясы қабылданып, өмір талаптарына орай 1998, 2007, 2011, 2017 жылдардағы конституциялық реформалар барысында оларға түзетулер енгізілді.

Еліміздің Конституциясы Қазақстанның тәуелсіздігін біржолата бекітіп, мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуына негіз болатын басты шарттарды қалыптастырды. Адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сенімді қорғалатындығына кепіл болды. Сондай-ақ Ата заңымыз елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени әлеуетінің халық игілігі үшін қарқынды дамуына қажетті жағдай қалыптастырып берді. Нәтижесінде мемлекеттік басқару институттарының барлығы Конституцияда көрсетілген талаптар негізінде құқықтық негіздермен қамтамасыз етілді. Қазір елімізде екі палаталы Парламент тиімді жұмыс істеуде. Үкімет басшылығындағы органдар жаңаша талаптар негізінде жаңаша жүйемен жұмыс істей бастады. Елімізде азаматтардың құқықтарын сенімді қорғайтын тәуелсіз сот жүйесі қалыптасты.

Конституцияның мызғымас беріктігі мен бірыңғай мемлекет билігіндегі салалардың келісімді ықпалдастығының кепілі және мемлекеттік билік жүйесінің өзегі Президент болып табылады. Осы орайда айта кететін мәселе, Қазақстанда президенттік басқару жүйесі мен Қазақстан Республикасы Президенті қызметінің енгізілуіне орай елде демократиялық құндылықтар қалыптасты, нарықтық экономикалық реформалар жемісін беруде. Сондай-ақ елде қоғамдық келісім мен тұрақтылық орныққан.

Конституция қолданыстағы заңнаманы жетілдіруде құқықтық негіз болып табылады. Конституциялық база негізінде конституциялық және өзге де заңдар, заңнамалық құқықтық актілер қабылданып, құқық қолдану тәжірибесі қолданылады. Соңғы 26 жыл ішінде Конституция мен оның баптарын жетілдіру негізінде 1 мың 700-ден астам заңдар қабылданды. Олар қазір еліміздегі түрлі салалардағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұл ретте конституциялық нормалар қолданыстағы заңдарды қолдану кезінде өзінің мақсаты мен жоғары заңдық күшін сақтайды.

Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы қызмет еткен 22 жыл ішінде Ата заңымыз өзінің өміршендігін көрсетті. Ал оның әлеуеті толық сарқылып біткен жоқ. Ондағы құқықтық идеялар мен принциптер мен нормалар мемлекет пен қоғамның дамуына орай және саяси, экономикалық және әлеуметтік шарттар негізінде әлі ашыла түседі.

Конституция талаптарының орындалуы – мемлекеттілікті нығайтудың, Қазақстанның тұрақты дамуы мен қоғамның гүлденуінің басты шарты. Бұл міндеттер Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 28 тамызындағы №858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында» атап көрсетілген. Онда конституциялық құқықтардың басты мақсаттары ретінде Конституцияның идеялары мен принциптерін және оның құқықтық құндылықтарын жүзеге асыру мәселелері ерекше айтылады.

Осыған қарай Ата заңымыздың талаптарына жауап беретін конституциялық тәжірибені қалыптастыру үшін барлық жағдайды жасау қажет екендігі түсінікті. Бұл конституциялық нормалардың іс жүзінде жүзеге асуына игі ықпал етеді. Конституциялық заңдылықтың орындалуы – мемлекеттік биліктің барлық саласының өкілдеріне, құқық қорғау және сот органдарына, қоғамдық ұйымдар мен азаматтарға үлкен жауапкершілік жүктейтін кешенді шара.

Кез-келген Конституция өзінің тұрақтылығымен, өміршеңдігімен, оған енгізілетін өзгерістер мен түзетулердің ерекше тәртібімен бағалы. Алайда оған тек өзгеріс енгізуге болмайтын қатып қалған құжат ретінде қарауға болмайды. Жалпы алғанда конституциялық саясат, мемлекет пен қоғамның өзі ылғи өзгеріске ұшырап отырады. Олай болмаған күнде аталған құндылықтар одан әрі даму мен прогрестің өзіндік тежегіші бола алмайды. Конституциялық құқық қоғам мен мемлекет дамуының негізгі бағыттарына сәйкес болады. Тек конституциялық құқықтар қатысатын қоғамдық қатынастар мен экономикалық, саяси шарттар ғана ұдайы дамып, жетіліп отырады. Осының барлығы конституция талаптарын жаңа заманға лайықтап отыруды қажет етеді.

2007 жылдың мамыр айының 21-інде қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы жан-жақты әрі кең ауқымды қоғамдық талқылаулардың нәтижесі. Ол Қазақстандағы жаңа демократиялық даму мен саяси жаңғырудың көрінісі болды. Конституцияға енгізілген өзгерістер негізінде Парламенттің құзыреті кеңейіп, оның құрамындағы депутаттардың саны арта түсті. Сондай-ақ Мәжіліс сайлауының тәртібі түбегейлі өзгерді. Шектен тыс кедергілерді алып тастау арқылы жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару жүйесі өзгеріске түсіп, мемлекеттік және қоғамдық институттардың ықпалдастығы белсендіріле түсті. Осылайша қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы елімізде Конституцияға дейін өзгеріс енгізуге негіз болды.

Осы өзгерістер енгізуге дайындық жұмысымен айналысқан арнайы комиссияның мүшесі болған, академик Ғ.Сапарғалиев былай деп жазды: «Закон о внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан от 21 мая 2007 года., принятый по инициативе Президента Республики Н.А.Назарбаева, ознаменует новый, прогрессивный этап в дальнейшей модернизации казахстанского государства и общества. Для принятия такого закона были созданы необходимые экономические, политические, социальные, идеологические, организационные предпосылки в течение предыдущих лет усилиями государства и общества. Закон, внося изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан, в организационном, функциональном идеологическом плане, приспособил государственный механизм и институт гражданского общества для решения новых задач, для удовлетворения назревших на новом этапе потребностей народа»[2,7].

Осы орайда айта кететін мәселе, аталған саяси өзгерістер елімізде де халықаралық қауымдастық пен халықаралық ұйымдар тарапынан да жақсы бағаланды. Қазақстанның демократиялық бағыты заманға сай демократиялық мемлекет құруда үлгі боларлық жолдардың бірі.

Конституцияға жаңа енгізілген талаптарды іс жүзінде жүзеге асыру мен ұлттық заңнаманы жаңа талаптарға сәйкестендіру мақсатында тиісті өзгерістер мен толықтырулар еліміздегі Президент, Үкімет, Парламент пен оның депутаттарының мәртебесіне, сот жүйесі мен судьялардың мәртебесіне, саяси партиялар мен сайлауға қатысты заңдарға және

бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ тұтқынға алуды санкциялауға қатысты бірқатар заңнамалық актілерге енгізілді.

Бұған қоса жергілікті өзін өзі басқару, Жоғары сот кеңесі, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы және өзге де бірқатар заңдар қабылданды. Жаңа құжаттардың басты мақсаты – еліміздің заңнама алаңын кеңейтіп, оны ізгілендіруге бағытталған. Олар елдегі демократиялық үдерістердің дамуына ықпал етуі тиіс. Жалпы алғанда конституциялық реформалардың біразы осы уақыттың өзінде тәжірибе жүзінде іске асырылды. Нақтырақ айтқанда, елімізде алғаш рет баламалы жүйе бойынша Мәжіліс сайлауы өтті. Үкімет алғаш рет жаңа өзгерістер негізінде жаңа сайланған Мәжілістің алдында сенім мәселесін алдыға қойды. Елімізде жүргізілген конституциялық реформалардың негізінде қоғамда айтарлықтай өзгерістер болды. Жаңа енгізілген конституциялық реформалар қолданыстағы заңдар мен заңнамалық актілерге өзгерістер енгізіп қана қоймай, қоғамның саяси, құқықтық сауаттылығы мен мәдениетінің артуын талап етеді.

Қазақстан Республикасының демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде дамуында барлық мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам институттары, саяси партиялар, баспасөз-ақпарат құралдары мемлекет пен қоғамның қолданыстағы басты заңы ретінде Конституцияға мұқият қарауы керек. Осы орайда мемлекеттанушылардың мына көзқарастары біздің ойымызды қуаттай түседі: «в странах достаточным опытом демократии уважительное отношение к Конституции-аксиома политической жизни, и как бы остра ни была конкурентная борьба политических сил, дискредитация Конституции не входит, как правило, в арсенал этой борьбы. Идет жесткий спор об основных направлениях государственной политики, но при этом Конституцию не превращают в разменную монету вполитической борьбе»[3,22].

Қазақстан Республикасы Президенті “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” атты Жолдауында мемлекеттің конституциялық даму ауқымында заңдылықты ізгілендіру туралы былай деп атап көрсетті: «Меншікті қорғаудың құқықтық тетіктері енгізілді, үлкен қоғамдық қауіп төндірмейтін қылмыстар бойынша қылмыстық заңдылықты ізгілендіру жүргізілді, бостандығынан айырумен байланысты болмайтын, сондай-ақ қамауға алуға балама жазаларды қолдаудың аясы кеңейтілді»[4,2]

Болашақта біз экономикалық табыстарды дәйектеп, оны қоғамды жаңғырту арқылы бекемдеп, саяси жүйемізді жетілдіруді жалғастыра бермекпіз. Бұл бағытта құқықтық реформа ерекше маңызды рөл атқаратын болады. Елбасының қойған басты міндеті – құқық қорғау қызметінің жоғары халықаралық стандартқа сәйкес келетін жаңа жүйесін қалыптастыру. Міндет үлкен, оны мүлтіксіз орындау – осы жүйеде қызмет атақаратын лауазымды тұлғалардың парызы. Бұл үшін еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтай отырып, Президент тапсырмасын жүзеге асыруда батыл қадамдарға барып, заңның бұлжытпай орындалуына барлық азаматтар ұйытқы болуы керек.

Қазақстанның 25 жылдығы қарсаңында, оқиғаның ерекше маңызын сезіне отырып, Парламенттің Тәуелсіздіктің жиырма бес жылдық декларациясын қабылдауы орынды іс-шаралардың бірі деп айтуымызға болады. Осындай қазіргі және болашақ ұрпаққа арналған салтанатты саяси-құқықтық құжатта Қазақстанның негізгі жетістіктері көрсетіледі деп ойлаймыз.

Жаңа Декларация әрбір азаматқа біздің еліміздің, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің басшылығымен 25 жыл ішіндегі жетістіктерінің ауқымын түсінуге мүмкіндік береді. Тәуелсіздіктің Жиырма бес жылдық декларациясы жаңа биіктерге шығу үшін, жарқын жеңістерге жету үшін берік негіз қалайды.

Тәуелсіз Қазақстанның конституциялық дамуының нәтижелеріне қатысты басымдықтар «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында» ерекше атап көрсетілген: «Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының негізі, мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығы конституциялық заңнаманы және оны қолдану практикасын жетілдіру арқылы нығайтын

болады. Конституциялық құқықты дамыту перспективалары мемлекеттің құрылымын, мемлекеттік биліктің біртұтастығын, оның тармақтарының жұмыс істеу тетіктерін және Қазақстан Республикасының бүкіл халықтық сайланған Президенті тарапынан стратегиялық басшылықпен, бақылаумен және төрелікпен олардың өзара іс-қимылын анықтайтын қолданыстағы конституциялық заңдарды жетілдіріумен байланысты»[5,2]

Бұл күнде еліміздің экономикасы өрлеп, табысы тасып, халықаралық беделінің арта түсуі – Негізгі заңымыздың сарқылмас мазмұнының дәлелі. Қазақстанның демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде орнығуы Конституцияда қаралған президенттік басқару жүйесінің игі әсеріне тікелей байланысты.

Қазіргі таңда нақ осы басқару мемлекетіміздің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, экономикалық және саяси реформаны жүргізуге, елдегі ішкі саяси тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік беріп отыр. Мемлекетіміздің Негізгі заңында бекітілген моделі бұл күнде өзін-өзі толығымен ақтады. Соның нәтижесінде елде бүгінгі таңда президенттік басқару жүйесі, қос палаталы Парламент, Үкімет, қазіргі заманғы сот жүйесі және басқа да мемлекеттік органдар тиімді жұмыс істеуде. Елдің дамуына тың серпін әкелетін үдемелі инновациялық бағдарламалардың жалғасы жеделдетілген экономикалық жаңғыртудың көрсеткіштері екенінің айқын дәлелі. Ата Заңымыз уақыт сынынан мүдірмей өтті. Конституцияның негізгі қағидалары барлық халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және қоғам мен мемлекеттің даму тенденцияларымен үйлесімді. Қашанда назарда тұрар маңызды міндеттердің бірі елде конституциялық тәртіп пен заңдылықты орнықтыру болып саналады.

Еліміздің Негізгі заңының басты жасампаздық және гуманистік әлеуетінің өзі, міне, осында. Заңдардың орындалуын қамтамасыз ету мемлекетіміздің ілгері дамуының маңызды шарты. Республика халқының заңды құқықтары мен бостандықтарының конституциялық тұрғыдан толығымен қамтамасыз етілуі, әр адамның бойында өзінің мемлекеттің қорғауында екендігін сезінуіне кепілдік береді. Уақыт бір орында тұрмайды, елде қабылданған саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалардың тиімділігін де анықтап беретін – осы уақыт. Ал біздің Конституциямыз осы өткен кезең ішінде өзінің тұрақтылығын, өміршендігін дәлелдеп берді. Негізгі заңның рөлі мен ел өміріндегі алар орны уақыт өткен сайын артып келеді. Бұл тұрғыдан алғанда Ата Заңымыздың әлеуеті ұлан-ғайыр. Ата Заңымыз ғасырлар төскейінде тағдыры тоғысқан көпұлтты еліміздің баға жетпес қымбат қазынасына айналып отыр. Осы Конституциясы қабылданғаннан кейінгі кезең ішінде Қазақстан құлашын кеңге сермеп, өзінің қуаты мол, нарықтық экономикасы бар демократиялық мемлекет екенін әлемге танытты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Котов А.К Конституционализм в Казахстане: опыт становления и эффективность механизма власти.-Алматы: КазГЮА, 2000.288 с.

2 Сапарғалиев Г.С. Модернизация Конституции Республики Казахстан//Конституция-основа стабильности и процветания Казахстана:Сборник материалаов международного круглого стола.-Астана:ТОО «Институт законодательства Республики Казахстан»,2007г.-174с.

3 Конституция и закон: стабильность и динамизм.-Москва: Издательство «Юридическая литература»,1998.-208 с.

4 Болашақтың іргесін бірге қалаймыз.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Дала мен қала.2011,31 қаңтар.№4 (384).15б.

5 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы//Егемен Қазақстан,2009,28 тамыз.47б.